ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 8 қазан №3514-25-00-2/3267 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.М.Машрап,
сот отырысының хатшысы А.Б. Сабетова бола отырып,
ашық сот отырысында азаматтық істі қарады

БАСТАПҚЫ ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық кешенді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

БАСТАПҚЫ ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
«TENTEK DUKENI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАСТАПҚЫ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«TENTEK DUKENI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық кешенді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Нығметжан Г.
бастапқы талап қоюшының өкілі Бизаков Е.С.
қарсы талап қоюшының өкілі Толеубаев Д.К.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 3 маусымда Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық кешенді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КМҚК-і (бұдан әрі - тапсырыс беруші) және «TENTEK DUKENI» ЖШС-і (бұдан әрі – мердігер/орындаушы) арасында №97 спорт сарайының ғимаратын ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды.

Шарттың жалпы сомасы – 17 990 000 теңге.

Жұмыстарды орындау мерзімі – 2025 жылғы 10 маусымнан бастап 30 жұмыс күні ішінде, яғни, 2025 жылғы 22 шілдеге дейін.

2025 жылғы 19 маусымда орындаушы 539 700 теңге мөлшерінде шартты қамтамасыз ету сомасын енгізген.

2025 жылғы 9 маусымда орындаушы веб-портал арқылы тапсырыс берушіге жұмыс кестесін жолдаған.

2025 жылғы 20 маусымда тапсырыс беруші тарапынан комиссия мүшелері (Г.Б.Туганбекова, Р.З.Кенбеилов, А.Т.Абишев, Ж.Г.Есенбекова) акт жасап, өндірістік жұмыстар кестесінің 1.1 және 1.2 тармақтары бойынша ағымдағы орындау мерзімдері бұзылғанын анықтаған.

2025 жылғы 20 маусымда тапсырыс беруші веб-портал арқылы орындаушыға шартты бұзу жөнінде ескерту жолдады.

Ескертуге жауапта орындаушы жұмыстар жалғастырылғанын жазып, ескертуді қайтарып алуды сұрады.

2025 жылғы 9 шілдеде тапсырыс беруші жұмыстар кестедегі мерзімнен кеш жасалып жатқанын және жұмысшылардың спорт сарайында жоқтығын көрсетіп, сотқа жүгіну құқығын пайдаланатынын көрсеткен.

2025 жылғы 23 шілдеде тапсырыс беруші жұмыстарды орындау мерзімі аяқталғанын, бірақ жұмыстар толық жүргізілмегенін ескерткен.

2025 жылғы 28 шілдеде тапсырыс беруші тарапынан комиссия мүшелері (Г.Б.Туганбекова, Р.З.Кенбеилов, А.Т.Абишев, Ж.Г.Есенбекова, А.А.Анисимова) акт жасап, спорт сарайының әйелдер душында, қалыпқа келтіру орталығында, мүгедектерге арналған дәретханада және ерлерге арналған дәретханада, тамбурде ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалмағанын анықтаған.

2025 жылғы 28 шілдеде шарт тапсырыс берушімен бір жақты бұзылды.

2025 жылғы 30 шілдеде орындаушы тапсырыс берушіге хат жолдап, жүргізілген жұмыстарды тексеруді, шартты бұзуды қайтарып алуды талап етті. Сонымен қатар кешіктірілген 6 күнге тұрақсыздық айыбын төлеуге дайындығын баяндады.

Бастапқы талап қоюда талап қоюшы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 107 940 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Жауапкер өкілі сотқа жолдаған пікірде талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды, өйткені шарт бойынша жұмыстар басталған және жүргізілген (оған қоса материалдар сатып алынып жұмыс орнына жеткізілген болатын), алайда өнім беруші тарапынан жіберілген ұйымдастырушылық

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 13.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.12.2025, судья Буебаева Г. Т., 25.12.2025
3514-25-3-1/3856

кемшіліктердің салдарынан жұмыстың қарқыны жоспарланғаннан төмен болды. Дегенмен, өнім беруші жұмыстарды соңына дейін жеткізуге дайын болды, тіпті кешігіп болса да, және бұл туралы мемлекеттік сатып алу порталындағы хат алмасуда бірнеше рет тапсырыс берушіге хабарлаған. Өнім беруші тарапынан міндеттемелерден бас тарту болған жоқ. Тапсырыс беруші үшін нәтижені толық жоғалту түріндегі жағымсыз салдар болған жоқ деп санайды, нысан дайындыққа жеткізілуі мүмкін еді, ал шартты мерзімінен бұрын бұзу тек нәтижені алуды кейінге қалдырды, өйткені жаңа мердігер де ұйымдастыруға уақыт жұмсайды. Қаралып отырған іс бойынша талап қоюшы «тиісті емес орындау» фактісін 2025 жылғы 20 маусымда өзі тіркеген, тиісті акт рәсімдеп және шартты бұзу туралы хабарлама жолдаған. Демек, дәл осы күннен бастап талап қоюшының сотқа отыз күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 20 шілдеден кешіктірмей жүгіну міндеті туындаған. Ал талап арыз тек 2025 жылғы 30 шілдеде берілген, бұл заңда белгіленген мерзімнің өткізіп алынғанын дәлелдейді.

Қарсы талапта талап қоюшы шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тануды сұрайды, өйткені өнім беруші міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жоқ және жұмысты аяқтауға дайын болды, шартты бұзу әділеттілік пен парасаттылық қағидаттарына қайшы келеді, тапсырыс беруші өнім берушіні орындалған жұмыстар актілерін ұсыну және орындалған жұмыстар үшін ақы алу мүмкіндігінен айырды, бұл шарттың 4.2, 4.3 және 8.4-тармақтарының тікелей бұзылуын білдіреді.

Қарсы талапқа пікірде жауапкер қарсы талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрайды, келесі мән-жаймен уәждейді: Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 2025 жылдың 10 маусымынан бастап 30 жумыс куні ішінде. Алайда, орындаушы жұмыстарды тек 2025 жылы 24 маусымда бастап, шарт бойынша жұмыстарды орындау уақыты 2025 жылғы 22 шілде деп көрсетілгеніне қарамастан, бір жарым ай уақыт өтсе де, яғни, шартты бұзу куні 2025 жылғы 28 шілдеде жұмыстарды аяктамаған, басталған күйінде қалған. Шарттың еңбек ресурстары бөлігінде көрсетілгендей, кем дегенде 6 жұмыскер жөндеу жұмыстарын жүргізудің орнына, кейде екі, кейде үш адам, анда санда 5-6 адам келіп, жұмыс жасаған. Кей жұмыс күндері тіпті жұмыс жасауға келмеген. Тапсырыс беруші жеке және заңды тұлғалармен 2025 жылы барысында қызметтер көрсету туралы шарттары бойынша қызмет көрсете алмай отыр. Спорт сарайында облыс және қала тұрғындарына, оқушылар мен спортшыларға, мүгедектігі бар адамдарға спорттық-сауықтыру қызметі көрсетіледі. Жыл бойы жүзу бассейні, бокс, күрес залдары, жаттығу залы, спортшыларды қалпына келтіру-сауықтыру орталығы жұмыс жасайды, бірақ орындаушының ағымдағы жөндеу жұмыстарың уақытылы жүргізбеуіне байланысты қызмет көрсету тоқтап қалды.

Сот отырысында тараптардың өкілдері талап қоюларды қолдап, қанағаттандыруды сұрады. Қарсы тараптың талап қоюын қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор бастапқы талап қою қанағаттандырылуға жатады, ал қарсы талапты қанағаттандырудан бас тарту қажет деген қорытынды берді.

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 13.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.12.2025, судья Буебаева Г. Т., 25.12.2025

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Бастапқы талап қоюдың №1 талабы бойынша:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабы бойынша, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 8-бабы 4–тармағының 3)-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен шарт жасасып, белгіленген мерзімде, яғни 2025 жылғы 22 шілдеге дейін, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге міндеттенген.

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерін орындамаған, бұл жағдай жұмыстарды қабылдау актісінің жоқтығымен дәлелденеді.

АПК-нің 72 және 73-баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкер тарапынан сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер келтірілмеді.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзім өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшымен жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға заңмен белгіленген мерзімі өткізілмеген, өйткені шарт 2025 жылғы 28 шілдеде бұзылған, ал талап қою сотқа 2025 жылғы 30 шілдеде жолданған.

Істің бұндай тұрғысында сот, ағымдағы жөндеу жұмыстарының аяқталмауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабы 1-бөлігінің талабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады

Бастапқы талап қоюдың №2 талабы бойынша:

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 13.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.12.2025, судья Буебаева Г. Т., 25.12.2025

3514-25-3-1/3856

Азаматтық кодекстің 293-бабына сай, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 2025 жылғы 23 шілдеден 28 шілдеге дейінгі уақыт аралығындағы 6 күнге 107 940 теңгені құрайды.

Осы есеппен сот келіседі және осы сомадағы тұрақсыздық айыбы міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерден өндірілуге жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабы 1-бөлігінің талабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 3 238 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

Қарсы талап бойынша:

Шарттың 9.3 тармағына сай, егер басқа тарап шарттың талаптарын шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай елеулі бұзушылық жасаған болса, тапсырыс беруші немесе мердігер/орындаушы шартта көрсетілген мерзімге дейін шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі бұзу өзіне мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектеліп қалмайды: 1) егер орындаушы жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, тапсырыс беруші шартты бұза алады.

Шарттың 9.5-тармағы 2)-тармақшасына сәйкес, өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

Орындаушы ұсынылған кестеге сәйкес 2026 жылғы 11 маусымнан 14 маусымға дейін еден мен қабырғаны жөндеу жұмыстарын жасауы қажет еді, бірақ, көзделген жұмыстар жүргізілмеген.

Ол жөнінде тапсырыс беруші акт жасап, орындаушыға ескерткен.

2025 жылғы 22 шілдеде жұмыстар толық аяқталуға тиіс еді, бірақ орындаушы міндеттемелерін орындамаған.

Демек, орындаушымен орындау мерзімі бірнеше рет бұзылған.

Осыған байланысты шарт тапсырыс берушімен шарт талаптарына сай бұзылған, тапсырыс беруші тарапынан бұзушылықтар анықталған жоқ.

Шарттың 8.4 тармағына сәйкес, орындаушы жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 13.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.12.2025, судья Буебаева Г. Т., 25.12.2025
3514-25-3-1/3856

бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ шарттың қолдануы аяқталу мерзімінен кешіктірмей жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, орындаушыдан мерзімін кешіктірген әр күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіре отырып, осы шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқығы бар.

Қарсы талап қоюшы шарт осы тармаққа сай бұзылуы қажет деп санайды және тапсырыс беруші бір ай өткеннен кейін ғана шартты бұза алады деп санайды.

Алайда, шартта тапсырыс берушінің бірнеше жағдайда шартты бұзу құқығы көзделген, көрсетілген жағдай олардың біреуі ғана болып табылады.

Ал тапсырыс беруші 9.3 және 9.5 тармақтары негізінде шартты бұзған.

Баяндалғанның негізінде қарсы талап қанағаттандыруға жатпайды.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық кешенді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «TENTEK DUKENI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«TENTEK DUKENI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«TENTEK DUKENI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық кешенді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 107 940 (жүз жеті мың тоғыз жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбы, 3 238 (үш мың екі жүз отыз сегіз) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары, жалпы сомада 111 178 (жүз оң бір мың жүз жетпіс сегіз) теңге өндірілсін.

«TENTEK DUKENI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

«TENTEK DUKENI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қарағанды облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Облыстық кешенді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюын қанағаттандырудан бас тартылсын.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 13.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.12.2025, судья Буебаева Г. Т., 25.12.2025
3514-25-3-1/3856

баптарын сақтай отырып, Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья **А.Машрап**

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 13.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.12.2025, судья Буебаева Г. Т., 25.12.2025

3514-25-3-1/3856